

Өзара ынтымақтастық туралы МЕМОРАНДУМ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, директордың м.а. Шер Раиса Петровна тұлғасында, бірінші тараптан, және «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті» РМК, Жарғы негізінде әрекет ететін ректор, профессор Кубеев Еркін Киноятович тұлғасында, екінші тараптан, әрі қарай «Тараптар» деп аталып, аталмыш өзара ынтымақтастық туралы Меморандум жасалды.

Қос тарап та, тұлғаның шығармашылық құзыреттілікте, үзіліссіз білім беру және тәрбиелеуде, кәсіптік өзін өзі анықтауда бәсекелестік қабілеттерін қалыптастыру мақсатында, ғылыми-техникалық бағыттағы қосымша білім беруді дамыту саласында ынтымақтастық қатынасты орнатуда мүдделі екендіктерін ескере отырып, қосымша білімді, оның ішінде балалардың техникалық шығармашылығы мен өнертапқыштығын қолдауға және дамытуға әрекет жасауда ортақ ықыласын көрсетіп, төмендегі келісімге келді:

- бірлескен оқыту семинарларын, қосымша білім беру бағдарламаларын, оның ішінде ғылыми-техникалық бағыттағы қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын мамандардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу;

- балаларға қосымша білім беру жүйесін дамыту мәселелері бойынша педагогикалық қызметкерлермен және білім алушылармен кәсіби көрмелер мен байқауларды, ғылыми-тәжірибелік конференцияларды, дөңгелек үстелдерді, жарыстарды және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

- қосымша білім беру бағытындағы білім беретін оқу бағдарламалары, әдістемелік ұсынымдар, оқу құралдарын әзірлеу;

- қосымша білім беру және тәрбиелеуді дамытуға байланысты ақпаратпен, бағдарламалармен және тағы басқа материалдармен алмасуды жүзеге асыру;

- өзара мүдделі тақырыптар бойынша кеңес беру;

- қосымша білім беру жүйесінің ғылыми-зерттеу, оқу-әдістемелік, ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

Тараптар осы Меморандум ережелеріне қатысты мәселелер бойынша кез-келген тараптың сұранысы бойынша кеңес берулер жүргізеді.


Осы Меморандумға өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде ресімделеді, Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қояды және осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы Меморандум оған қос Тарапта қол қойған соң күшіне енеді және оны қос Тарапта келісім бойынша немесе бір Тараптың екінші

Тарапты кем дегенде 30 күн бұрын ескерте отырып, өз қалауы бойынша жойғанға дейін әрекет етеді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК мен «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті» РМК өздеріне жоғарыда аталған, балалардың қосымша білім беру жүйесінің ғылыми-техникалық бағытын дамыту саласында өнімді ынтымақтастық бойынша, өзара тиімді іскерлік әріптестік міндеттемелерін алуын растайды.

Осы Меморандум қазақ және орыс тілдерінде 2015 жылғы «__» _____ Астана қаласында екі данада әзірленген, олар бірдей заңды күшке ие, әр Тарапқа бір-бірден беріледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК	«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті» РМК
 Р.П. Шер	 Е.К. Кубеев
«__» _____ 2015 жыл	«__» _____ 2015 жыл

